

**Қазақстан Республикасы Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1781. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.27. N 1655 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 80 адам болып бекітілсін. <\*>

2. Қазақстан Республикасы Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетіне Төрағаның 3 орынбасарын, соның ішінде біреуі бірінші орынбасар, сондай-ақ саны 9 адам алқа ұстауына рұқсат берілсін. <\*>

Ескерту. 1 және 2-тармақтарға өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.27. N 519 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік

комитетінің орталық аппараты үшін 4 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 14 қыркүйектегі N 1263 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 30, 379 құжат) қаулысындағы 3,4-тармақтардың, 5-тармақтың бірінші сөйлемінің және 7-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 1995 жылғы  
19 желтоқсандағы  
N 1781 қаулысына  
Қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік  
комитеті орталық аппаратының құрылымы

Басшылық

Мемлекеттік тілді, терминологиялық және ономастикалық жұмысы  
дамыту жөніндегі бас басқарма

Ұлт саясатын талдау және үйлестіру бас басқармасы

Сыртқы байланыстар және қазақ диаспорасымен жұмыс жөніндегі  
бөлім

Ұлт тілдерін дамыту жөніндегі бөлім

Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі бөлім

Кадрлар мен азаматтардың өтініштерімен жұмыс және арнаулы  
жұмыстар жөніндегі бөлім

Қаржы - экономика бөлімі

Аппараттың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі басқарма

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.30.

№ 950 қаулысымен.